

«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ  
БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГ» АҚ,

JSC «NATIONAL MANAGING  
HOLDING «BAITEREK»

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УПРАВЛЯЮЩИЙ ХОЛДИНГ  
«БАЙТЕРЕК»



Мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы, Z0512НЗ,  
Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел  
даңғылы, 55А  
Тел.: +7/7172/91 91 10/11,  
факс:- +7/7172/91 91 15  
www.baiterek.gov.kz

**11.07.2019ж.**      **11-2-13/2421**  
№ \_\_\_\_\_

**«KazakhExport»  
экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ**

Осымен «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Жалғыз акционерінің «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселесі бойынша шешімін жібереміз.


Бұл ретте, қабылданған шешімнен туындайтын шараларды қабылдау және 2019 жылғы 09 тамызға дейінгі мерзімде ақпарат беру қажеттігі туралы хабарлаймыз.

*Қосымша: «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы отырысының 09.07.2019 ж. № 35/19 хаттамасынан көшірме үш данада 27б.*

Басқарушы директор

**М. Омаров**

*Орынд: Н. Қадіркей  
Тел.: 27-04-11*



**08311**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы Басқармасының бетпе-бет отырысы  
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Нұр-Сұлтан қ. № 35/19

2019 жылғы 09 шілде  
Өткізу уақыты: 19 с. 30 мин.  
- 18 с. 20 мин.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) Басқармасының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а ғимараты.

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимараты.

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма отырысын өткізу орны:** Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимараты

**Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелері қатысып отыр:**

- |                    |                                 |
|--------------------|---------------------------------|
| 1. Арифханов А.А.  | Басқарма Төрағасы               |
| 2. Қарағойшин Р.Т. | Басқарма Төрағасының Орынбасары |
| 3. Қуатова А.С.    | Басқарушы директор              |
| 4. Хамитов Е.Е.    | Басқарушы директор              |
| 5. ЖанкеТ.А.       | Басқарушы директор              |
| 6. Омаров М.Т.     | Басқарушы директор              |

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының қатыспаған мүшелері туралы мәліметтер:**

- |                     |  |
|---------------------|--|
| 1. Омарходжаев А.С. | Басқарма Төрағасының Орынбасары<br>(іссапарда болуына байланысты,<br>2019ж. «17» маусымнан № 90-і<br>бұйрық) |
|---------------------|--|

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы шешім қабылдауы үшін кворум бар. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру ашық дауыс беру тәсілімен өткізіледі.**

**Күн тәртібі:**

**2-мәселе. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына, 36-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12.2-тармағының 1) тармақшасына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысының 11-бабы 74-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Басқармаға «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының

Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Дауыс беруге қойылған мәселелер:

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы А. А. Арифханов дауыс беруге келесі мәселелерді қойды (шешім жобасы):*

1. *«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен (№37/17 хаттама) бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына осы Хаттамаға № қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.*

2. *«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Р.В. Ысқақовқа «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қою құқығы берілсін.*

3. *«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы осы шешімнен туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.*

4. *Осы шешім «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.*

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:**

<b>Басқарма мүшелері</b>	<b>Қолдағандар</b>	<b>Қарсы болғандар</b>	<b>Қалыс қалғандар</b>
Арифханов А.А.	+		
Қарағойшин Р.Т.	+		
Қуатова А.Г.	+		
Хамитов Е.Е.	+		
Жанке Т.А.	+		
Омаров М.Т.	+		

Күн тәртібінің екінші мәселесін қарап, дауыс беру қорытындылары бойынша бұл шешімді қабылдауға/қабылдамауға байланысты тәуекелдерді және олардың «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ рентабельділік қызметіне тигізер ықпалын талқылап, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 4 және 5-тармақтарына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Жарғысының 12.2-тармағы 1) тармақшасына, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысының 11-бабы 74-тармағы 2) тармақшасына сәйкес, Басқарма **ШЕШТІ:**

1. *«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен (№37/17 хаттама) бекітілген «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына осы хаттамаға № 3 қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.*

2. *«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Р.В. Ысқақовқа «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қою құқығы берілсін.*

3. «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы осы шешімнен туындайтын барлық қажетті шаралар қабылдансын.

4. Осы шешім «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

*Үзінді дұрыс*

**Басқарма хатшысы**  
**Р. Еділбаева**



**«Бәйтерек» ҰБХ АҚ Басқармасының Хаттамасынан үзінді**

**ТІГІЛДІ ЖӘНЕ**

**НӨМІРЛЕНДІ 6 парақта**

**Басқарма хатшысы**

**Р. Еділбаева**



